

АЙТЫЛЫМ БӨЛГІНІҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (5 критерий)

2-тапсырма (Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу)

Максималды балл: 25 балл

1-Критерий: Ойын жеткізу деңгейі	Балл
<ul style="list-style-type: none">▪ берілген тақырыпты толық ашады▪ тақырыптан ауытқымайды▪ ойын еркін, жүйелі, дәлелді жеткізеді▪ өзіндік көзқарасы айқын▪ ойдың логикалық тізбегін сақтайды	5 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ берілген тақырыптан ауытқымайды▪ ойын жалпылама жеткізеді▪ өзіндік көзқарасы бар	4 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ берілген тақырыпты жеткізуде ойы шашыраңқы▪ өзіндік көзқарасы аз	3 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ тақырыбы толық ашылмайды ауытқып кетеді▪ ойын жеткізуде қиналады▪ логикалық байланыс жоқ▪ ойын 3-4 жай сөйлеммен ғана жеткізеді	2 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ ойын мүлдем жеткізе алмайды▪ тақырып ашылмайды▪ ойын 1-2 жай сөйлеммен ғана жеткізеді	1 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ мүлдем жауап бермеді	0 балл

2-Критерий: Сөздік қорды пайдалануы	Балл
<ul style="list-style-type: none">▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды жоғары деңгейде қолданады▪ ойын жеткізуде мақал-мәтелдерді, дәйексөздерді, нақыл сөздер мен фразеологизмдерді орынды қолданады▪ кәсіби сөздер мен термин сөздерді орынды қолданады▪ ой бірізділігін сақтау үшін сөз оралымдарын, қыстырма сөздерді орынды қолданады	5 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды ортадан жоғары деңгейде қолданады▪ ойын жеткізуде мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді орынды қолданады▪ өзге тілден енген (1-2) сөздерді жиі қайталау кездеседі	4 балл
<ul style="list-style-type: none">▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды, сөз баламаларын орта деңгейде қолданады▪ жай сөйлемдермен ғана шектеледі▪ өзге тілден енген (3-4) сөздерді орынсыз қолдану кездеседі	3 балл

<ul style="list-style-type: none"> ▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды ортадан төмен деңгейде қолданады ▪ ойын жеткізуде сөз баламаларын қолданбайды ▪ толымсыз жай сөйлемдерді жиі қолданады ▪ өзге тілден енген (5-7) сөздерді орынсыз қолдану кездеседі 	2 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды пайдалана алмайды ▪ сөз баламалары жоқ, бір сөзді жиі қайталай береді ▪ ойын жеткізу кезінде өзге тілден енген сөздерді орынсыз қолданады 	1 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ мүлдем жауап бермеді 	0 балл

3-Критерий: Сөйлеу мәдениеті (тіл тазалығы, сөз қолдану мәдениеті, сөз дәлдігі, сөз анықтығы)	Балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ сөйлеу мәдениетін, тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын толық сақтайды ▪ деңгейге сай сауатты, өзге тілдік бірліктерді қолданбай, таза сөйлейді ▪ ойын жеткізуде ешқандай кідіріс кездеспейді 	5 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ сөйлеу мәдениетін сақтайды ▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді (1-2 сөз) пайдаланады ▪ ойын жеткізуде кідіріс байқалады 	4 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ сөйлеу мәдениетін сақтауға тырысады ▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді (3-4 сөз) пайдаланады ▪ ойын жеткізуде кідірістер бар 	3 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ сөйлеу барысында тіл мәдениетінің заңдылықтары сақталмайды ▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді (5-7 сөз) орынсыз пайдаланады ▪ ойын жеткізуде көп кідіріс байқалады 	2 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ сөйлеу мәдениетін сақтамайды ▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді орынсыз пайдаланады (8-10 одан да көп сөз) ▪ ойын жеткізуде қиналады 	1 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ мүлдем жауап бермеді 	0 балл

4-Критерий: Сөздің дұрыс айтылуы	Балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ орфоэпиялық заңдылықты толық сақтайды 	5 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ орфоэпиялық заңдылықты сақтауда (1-2) қателіктер кездеседі 	4 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ орфоэпиялық заңдылықты сақтауда (3-4) қателіктер кездеседі 	3 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ орфоэпиялық заңдылықты сақтамайды ▪ төл дыбыстарды айтуда жиі қателеседі (5-7) 	2 балл

<ul style="list-style-type: none"> ▪ төл дыбыстарды айтуда орфоэпиялық заңдылықты мүлдем сақтамайды (8-10 одан да көп сөз) 	1 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ мүлдем жауап бермеді 	0 балл

5-Критерий: Грамматикалық сауаттылығы, стилі	Балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ грамматикалық формаларды, сөздерді орынды қолданады ▪ сөйлемдерді дұрыс/сауатты қолдана алады күрделі құрылымдарды сауатты пайдалана алады ▪ диалект сөздер, стильдік қателер кездеспейді, тіл тазалығы толық сақталған 	5 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ грамматикалық тұлғаларды, сөздерді орынды қолданады ▪ жай және құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыра алады ▪ грамматикалық, стильдік қателер (1-2) кездеседі 	4 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ грамматикалық тұлғаларды жалпылама түрде қолданады ▪ жай сөйлемдерді құрастыруда қателіктер кездеседі ▪ грамматикалық, стильдік қателер (3-4) кездеседі 	3 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ грамматикалық тұлғаларды, сөздерді орынсыз баяу жеткізеді ▪ сөйлемдерді дұрыс құрастыра алмайды ▪ грамматикалық, стильдік қателер (5-7) кездеседі 	2 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ грамматикалық тұлғаларды, сөзді дұрыс таңдау, жеткізу деңгейі төмен ▪ сөз дәлдігі, айқындығы сақталмайды ▪ грамматикалық сауаты өте төмен ▪ стильдік қателер көп 	1 балл
<ul style="list-style-type: none"> ▪ мүлдем жауап бермеді 	0 балл